



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 24 маусым

2019 жылғы 14 – 21 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

21 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 1,8%-ға нығайып (384,05-тен), бір АҚШ доллары үшін 377,18 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 14 – 21 маусым аралығындағы кезеңде неғұрлым маңызды оқиғалар АҚШ ФРЖ-ның (2,25-2,5%), Англия Банкінің (1,75%) және Жапония Банкінің (-0,1%) негізгі мөлшерлемелерді сақтау туралы шешімдері болды, бұл ретте АҚШ ФРЖ экономика болашағына қатысты белгісіздік, ЕОБ басшысы М. Драгидің экономика үшін қосымша ынталандырулар қажет болған жағдайда реттеуші негізгі мөлшерлемені мүмкін екендігі туралы түсініктемесі аясында мөлшерлемені төмендетуге дайын екендігін білдірді, Д. Трамптың G20 саммитінің шеңберінде ҚХР Президенті Си Цзиньпинмен жоспарланған кеңейтілген кездесуі туралы мәлімдемесі болды.

Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қатысты серпіні былайша қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** Президентінің Eskom энергетикалық компаниясының қаржылық жағдайына қолдау көрсету жөнінде шаралар қолдану шешімі туралы хабарлардың аясында 3,3%-ға (14,82-ден 14,33-ке дейін) нығайды. Moody's OAP бойынша есепті жария етті, онда құрылымдық реформаларды сәтті іске асыру ең соңында Үкіметтің борыштық жүктемесін азайтып, елдің тәуелсіз рейтингінің (ағымдағы рейтинг - Ваа3, тұрақты болжам) өсу факторы болатындығын атап өтті.

- **Ресей рублі** мұнай бағасының көтерілуі және инвесторлардың рубльмен активтерге деген қызығушылығының өсуі аясында 2,1%-ға (64,4-тен 63,05-ке дейін) нығайды. РФОБ ақша нарығындағы талаптарды одан әрі жеңілдетуге дайын екендігі туралы хабарлап, негізгі мөлшерлемені 7,5%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Ресей Қаржы министрлігі жылдық кірістілігі 3,95%-дық 2029 жылы өтелетін доллармен тәуелсіз еурооблигацияларды және жылдық кірістілігі 4,3%-дық 2035 жылы өтелетін еурооблигацияларды қосымша орналастырды;

- **Бразилия реалы** 2,1%-ға (3,9-дан 3,82-ге дейін) нығайды. Реттеуші экономикаға қолдау көрсету үшін төмендетуге көшуі мүмкін деп хабарлай отырып, негізгі мөлшерлеме деңгейін 6,5% деңгейінде сақтады;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан көбірек саудаланатын дамушы елдер валюталар

- **Түрік лирасы** Д. Трамптың РФ-тен ракетаға қарсы С-400 жүйесін сатып алғаны үшін Түркияға қарсы жаңа санкцияларды қарауы туралы хабарлағанына қарамастан, 1,4%-ға (5,9-дан 5,82-ге дейін) нығайды;



- **Индонезия рупиясы** 1,2%-ға (14 325-тен 14 155-ке дейін) нығайды. Реттеуші негізгі мөлшерлемені 6% деңгейінде сақтау және банктер үшін резервтік талаптарды 50 б.т.-ға төмендету туралы шешім қабылдады, сол арқылы мөлшерлемені төмендетуге дайын екендігін білдірді;

- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (69,8-ден 69,58-ге дейін) нығайды. Мұнай бағасының өсуі ұлттық валютаның нығаюын шектеп отыр. Отырыстың жарияланған хаттамасында мөлшерлемені төмендету туралы шешімдерге комитет мүшелерінің экономиканың өсуінің баяулауына алаңдаушылық білдіргені көрсетілген;

- **Мексика песосы** 0,2%-ға (19,15-тен 19,12-ге дейін) нығайды. Мексика Сенаты USMCA сауда келісімін ратификациялады. Президент Д.Трамп мигранттардың айтарлықтай азайғанын атап өте отырып, Мексиканың заңсыз көші-қонмен күрес жөніндегі күш-жігерін жоғары бағалады.



Дамушы елдердің валюталарының серпіні (2019 жылғы 7 маусым=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 2704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz